

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 20 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқаны: 37 ата-ана

Қатыспағаны: 20 ата-ана

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылының мақсат-міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.
2. «Балабақша режимі мен ережелерін сақтау»
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылатын жұмыстармен таныстыру.
4. Үйде дамыту ортасын құру бойынша «Балалар айнасы: біз жасаймыз, дамытамыз, аламыз» шебер-сынып.
5. Ағымдағы мәселелер

Тындалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері: Кошбаева А.Х. сөз сөйледі - Құрметті ата-аналар! 2024-2025 оқу жылының басталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар көп. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Оқу жылына балабақша толығымен дайын және карантиндік талаптар сақталады. Оқу құралдары, төсек жабдық жаңа, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Шешім: Әр топтағы бала саны 25 баладан аспайды. Әр баланың денсаулығы үшін санитарлық-гигиеналық, тазалық шаралары әр топта сақталады. Оқу жылына әр бала қажетті оқу құралдарымен толықтай қамтылады.

2-мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі: Иштаева Ф.К. сөз сөйледі

- Жалпы ережелер: 1. Осы Үлгі ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - мектепке дейінгі ұйымдар) қызметінің тәртібін анықтайды. Z070319. 2. Мектепке дейінгі ұйым - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы. 3. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз етеді. 4. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу; 2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту; 3) мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту; 4) балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау; 5) бес (алты) жастағы балаларды мектепалды даярлаумен қамтамасыз ету; 6) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау; 7) мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмекті ұйымдастыру.

3-мәселе бойынша: Тәрбиеші Сәмен А.Б. «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылатын жұмыстармен таныстырды. Үйде дамыту ортасын құру бойынша «Балалар айнасы: біз жасаймыз, дамытамыз, аламыз» шеберсынып бойынша Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт – дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиыстыру. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің пайдасын өмірдің өзі дәлелдеп, осы уақытқа дейін жетіп отыр. Алайда өмір есігін ашқан соң жарық дүниеге бірден үйлесе алмайды. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай әлдилеп, тербетіп отыру керек» деген қорытынды жасайды. Міне, қазақ халқының ұлылығы, осы процестерді өзінің өміріне пайдаланып, бала жарық дүниеге бейімделгенше, бесікке бөлеп, тербетіп отырған.

4-мәселе бойынша: Тәрбиеші Бисенгалиева Г.Е. сөз алды, - Мектепке дейінгі мекемедегі барлық орта бір мақсатқа қызмет етеді әлеуметтік ортада баланы тәрбиелеу және дамыту. Мұндай ортаны құру үлкен өнер. Көптеген ата-аналар үшін отбасылық тәрбие қалыпты жағдай болып көрінеді, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар үшін, сондықтан балалардың жеткілікті үлкен пайызы қандай да бір себептермен мектепке дейінгі мекемелерге бармайды.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 17 қаңтар 2025 жыл

Қатысқаны: 47 ата-ана

Қатыспағаны: 11 ата-ана

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдық қорытындысы.
2. Балалардың тіл дамыту және математикалық сауаттылық деңгейі.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары.
4. Балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Тәрбиеші Абдушева М.К. балалардың I жартыжылдықтағы жетістіктері туралы баяндама жасады. Топ тәрбиеленушілерінің білім деңгейі мен шығармашылық қабілеттерінің дамуы туралы ақпарат берілді. Ата-аналармен өзара байланыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Әлеуметтік төлқұжаттар толтырылып, балабақшамыз білім сапасымен қанағаттану деңгейлері анықталды. Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формаларын қолдану балалар мен ата-аналар ұжымының ынтымақтасуына, балабақша мен отбасының серіктесуіне ықпал етті. Осыған орай, тренинг элементтерімен «Гүл» ересек тобы ата-аналар жиналысын. Жыл соңында жүргізілген «Сіздің балабақша жұмысы туралы пікіріңіз» сауалнамасының нәтижесі ата-аналардың балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайтынын көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйенсек, ата-аналар балабақша жұмысын жағымды бағалайды, балалардың балабақшада болуына қанағаттанады, жүйелі әрі жоспарлы жүргізіліп отырған педагогтардың кәсіби жұмыстарын жоғары бағалайды. Бірақ балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстарын жетілдіру керек деп есептейді. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ұйымдастырылған түрлі жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал етті. Балабақша өміріне деген тұрақты қызығушылықтары нығайды.

2-мәселе бойынша: Тәрбиеші Нургалиева Д.А. сөз алды.

- Балалардың тіл дамыту және математикалық сауаттылық деңгейі. Тіл-бұл идеялармен, ақпаратпен, эмоциялармен және сенімдермен алмасуға болатын адами қарым-қатынастың көрінісі. Әдетте дамушы балалар бүлдіршін-мектепке дейінгі дәуірде тіл мен сөйлеу негіздерін меңгереді. Тілдік және сөйлеу дағдылары әлеуметтік қатынастарды оқыту мен қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Популяцияда жиі кездесетін тілдік және сөйлеу дағдыларының ерте дамуындағы кідірістер бірнеше қызмет салаларына әсер етуі мүмкін. «Балалар тілі» терминінің мағынасы әртүрлі.

Ең алдымен, бұл баланың жасына және интеллектуалдық даму деңгейіне байланысты сөйлеу ерекшеліктерінің жиынтығы. Балалардың сөйлеу ерекшеліктері дыбыстық (белгілі бір дыбыстардың және олардың тіркесімдерінің нақты айтылуы), 13 грамматикалық (грамматикалық құрылымдардың нақты қолданылуы, балалар жаңалықтары және т.б.) және семантикалық (сөздерді нақты таңдау және қолдану, ұғымдарды меңгеру) болуы мүмкін. Балалардың ана тілін меңгеру процесін зерттейтін ғылыми пәнді балалар сөйлеу тіл білімі немесе онтолингвистика деп атайды.

Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады. Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру – өмір талабы.

3-мәселе бойынша: Әдіскер Мамбетова Н.Б. сөз алды.

- Қыс мезгілінде жол қауіпсіздігі, мұз үстінде ойнамау, жылы киіну мәселелері қарастырылды. ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшылары балалардың қысқы кездегі қауіпсіздік ережелері туралы: Баланы қалың киіндірмеңіз! Жеңіл де киіндірмеңіз! Киімнің қимылдауға кедергі келтірмеуі, ыңғайлы, жеңіл және жылы болуы тиіс. Қысқы аяқ киім ыңғайлы болуы, оның табаны таймауы қажет, сол кезде бала қар мен мұздың үстінде аз сырғанайтын болады. Бала қолғаптарын жоғалтпауы үшін оларға резеңке тағып қойыңыз. Барлық мүмкін болатын қауіпті жағдайлардың алдын алыңыз. Шаңғыны саябақтарда, қаланың сыртында, қаланың автокөлік жүрмейтін жерлерінде тебу керек. Конькимен арнайы жабдықталған орындарда сырғанау керек. Құлап қалу мүмкін болғандықтан, балаға тығыз киім кигізіңіз. Қажет жағдайда ұстап қалу және құлатып алмау үшін баланың жанында болыңыз. Шананың сынған жерлерінің болмауын тексеріңіз. Төбешіктен шанамен емес, ледянкамен сырғанаған дұрыс. Көлік өтетін жерге қарай сырғанамау керек, кішкентай балаларды кішкентай, аласа қарлы төбешіктерден, адамдар аз жүретін және ағаштар өспейтін, дуалдар және басқа да кедергілер болмайтын жерлерде сырғанатқан жөн. Баланың шанада ішімен жатып сырғанауына рұқсат етпеңіз, ол тісін сындырып немесе басын соғып алуы мүмкін. Балаларға жолға жақын ойнауына рұқсат етпеңіз. Биік жерлерден қарға секіруге рұқсат бермеңіз. Қардың астында сынған бөтелкелер, тастар, қоқыс және т.б. болуы мүмкін. Балаларға қарды, мұз кесектерін ауызға алуға болмайтынын түсіндіріңіз: оларда ауру тудыратын көзге көрінбейтін кірдің және микробтардың болуы мүмкін. Балаларға мұз басқан тротуармен бүкіл табанмен басып, кішкентай қадамдармен жүруге үйретіңіз. Мүмкіндігінше, тайғақ жерлерді айналып өтуге тырысыңыз. Қыста әсіресе жолды абайлап өткен дұрыс – тайғақ жолда машина тез тоқтай алмауы мүмкін. Аязды күндері балалармен бірге серуендеуді азайтыңыз немесе мүлдем тоқтатыңыз, өйткені үсіп қалу қаупі жоғары болады.

4-мәселе бойынша: Медбике Ашимова С.А. балалардың дұрыс тамақтануы мен денсаулығын сақтау жөнінде кеңестер берді. ДДСҰ-ның анықтауы

бойынша, репродуктивті денсаулық – бұл репродуктивті жүйеге, оның функцияларына және процестеріне байланысты аурулардың болмауы ғана емес, сонымен бірге физикалық, ақыл-ой және әлеуметтік салауаттылық жағдайы. Балаларды тамақтануға байланысты жақсы әдеттерге үйретуде де ата-аналардың рөлі зор. Баланы кішкентай кезінен бастап салауатты тағам өнімдерімен таныстыра бастаған жөн. Алайда, егер ата-аналардың өздері не жегендеріне көңіл бөлмесе, әрине, бала да отбасында көрген дағдыларды қайталайды. Балаларының денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ата-аналарға арналған кеңестер: Күн режимін және жеке гигиенаны сақтау. Дұрыс тынығу қажет, түнгі ұйқының ұзақтығы 8-9 сағаттан кем болмауы тиіс. Жеке құралдарды қолдану арқылы жеке гигиенаны сақтау дағдыларын: жуынуды, тісті тазалауды, тамақ ішердің алдында қол жууды, ұйықтар алдында ванна немесе душ қабылдауды үйреткен жөн. Дұрыс үйлестірілген тамақтану. Дұрыс тамақтану баланың өсіп келе жатқан организмнің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Ата-аналардың өздері үлгі көрсетіп, ертеңгілік астан бастап тамақтану режимін сақтауға, тамақты отбасымен бірге ішуді, зиян келтіретін тағамнан, газдалған сусындарды ішуден бас тартуға, суды жеткілікті мөлшерде ішуге, көкөніс пен жеміс жеуге үйреткендері жөн. Қозғалыс белсенділігі. Иммунизациялау және медициналық тексерулер. Аурулардың алдын алуда мектепке дейінгі және білім беру мекемелерінде жүргізілетін профилактикалық тексерулер маңызды. Инфекциялық аурулардың алдын алу үшін уақытылы вакцинациялау қажет. Мысалы, паротит инфекциялық ауруы уақыт өте келе белсіздікке әкелетін жыныс ауруын (орхит) тудыруы мүмкін. Бұл аурудың алдын алу үшін қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы егілетін аралас вакцина қолданылады.

Қорытындылай келе, денсаулықты сақтаудың мінез-құлқы балаға туылғанынан бастап берілетінін және осыған байланысты негізгі дағдыларға отбасында үйренетінін айтқым келеді. Сондықтан, жеке гигиена ережелерін сақтауда, физикалық белсенділікке, дұрыс тамақтануға үйретуде өздеріміз үлгі көрсете отырып, біз, ересек адамдар, өз денсаулығына деген, оның ішінде психикалық және репродуктивті денсаулыққа жауапты болуды қалыптастыруға әсер етеміз.

Қаулы етеді:

1. I жартыжылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Ата-аналар үй жағдайында балалармен дамыту жұмыстарын жалғастырсын.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері сақталсын.
4. Балалардың денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.

Төрайымы:

Хатшысы:



Кошбаева А.Х.

Мамбетова Н.Б.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№3 ХАТТАМАСЫ

Балабақша: «Айгөлек» жеке бөбекжайы

Өткізілген күні: 16 мамыр 2025 жыл

Қатысқаны: 48 ата-ана

Қатыспағаны: 12

Күн тәртібі:

1. №1 Ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы
2. Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысын ұйымдастыру
4. Ата-аналарға балалардың мектепке дайындық деңгейі туралы ақпарат.
5. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама

Тындалды:

1-мәселе бойынша: Тәрбиеші Самигуллина Л.Б ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, жиналыстың мақсаты мен міндеттерімен таныстырды. «Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбында сөз сөйлеп, бала тәрбиесіндегі отбасының орны ерекше екеніне тоқталды. Баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың өнегесі, мейірімі мен қамқорлығы тікелей әсер ететіні айтылды. №1 Ата-аналар жиналысының шешімінің орындалғаны туралы айтылып, ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, отбасы тәрбиесіне қатысты пікір алмасты.

2-мәселе бойынша: Әдіскер Мамбетова Н.Б мектепалды даярлық бойынша балалардың білім, білік және дағдылары жөнінде ақпарат берді. 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс нәтижелері жан-жақты талданып, жалпы жұмыс мақсатты және нәтижелі жүргізілді деген қорытынды жасалды. Тәрбиешілердің, мамандардың, басшылардың, ата-аналардың жұмысындағы тығыз ынтымақтастық, дамытушылық білім беру әдістерін қолдану, балаларға деген жеке көзқарас осы жағымды процеске оң әсерін тигізеді. Өткен оқу жылында туындаған жетістіктер мен проблемаларды ескере отырып, 2025-2026 оқу жылына келесі міндеттер қойылды:

1. Барлық білім беру салаларында балалармен мақсатты жұмысты жалғастыру; Федералдық мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес топтағы пәндік-дамытушылық ортаны жетілдіру.

2. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып, балалармен жұмысты жалғастыру.
3. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс және гигиеналық мәдениетін дамыту.
4. Әдістемелік әдебиеттердің жаңалықтарын оқып үйрену.
5. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің, ауданның іс-шараларына белсенді қатысу

3-мәселе бойынша: Әдіскер Мамбетова Н.Б Жаз мезгілінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, судағы және көшедегі қауіпсіздік ережелері түсіндірді. Жаз – балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, олардың толыққанды, жан-жақты, психикалық және физикалық дамуына жағдай жасауға қолайлы уақыт. Өсу және даму ағза бала қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсеріне өте сезімтал. Сауатты жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын қамтитын мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің дене және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылығын дамытуға, сондай-ақ ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға кең мүмкіндіктер қарастырылған. облыстар балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Жаз – әр баланың өміріндегі ерекше кезең. Бұл уақытты оның денсаулығына, эмоционалдық және танымдық процестерінің дамуына пайдасын тигізіп, айналасындағы үлкендерге байланысты. Жаз – бұл кішкентай өмір. Балабақшадағы балалармен жазғы жұмыс әдетте сауықтыру деп аталады, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Балалардың денсаулығын нығайтуға қолайлы жағдайларды жан-жақты пайдалану маңызды жазғы уақыт және қол жеткізу бала күшейіп, сауығып, шындалуы үшін өсімдіктер мен жануарлардың ғажайып, ғажайып әлемін түсінуге және сүйуге үйренеді. Жазда табиғат мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Дені сау баланы тәрбиелеу – мектепке дейінгі жастағы баланың басым, басты міндеті педагогика, әсіресе қазіргі жағдайда. Бақытты тұлғаны тәрбиелеу мәселесі осы тұлғаның денсаулығына тікелей байланысты. Жүйелі және жоспарлы түрде жаз бойы жалғасады жұмыс бағдарламалар бөлімдері бойынша. Іс-шаралардың барлық түрлері әуеге көтеріледі. Әр түрге күнделікті өмірде өз орны мен уақыты беріледі.

4-мәселе бойынша: Тәрбиеші Кабдул А.А. сөз алды - Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары "жақында мектепке барамыз" деген ойдың бала 6-7 жасқа толғанға дейін пайда болатынын біледі. Әрине, бес жасар ұлына немесе қызына қарап, кез-келген ата-ана мектеп алыс емес екенін біледі, дайындық уақыты келді.

Әрине, оны бірден анықтау қиын – дәл қалай дайындалу керек? Толық жеті жыл күту керек пе, әлде алты жасында ұлын немесе қызын беру керек пе? Тіпті бір жылдағы айырмашылық бала үшін айтарлықтай және маңызды. Көптеген ата-аналар дайындық тек оқу мен санауды ғана білдірмейді деп

Ересек мектеп жасына дейінгі баланың өзі қазірдің өзінде "ересек" және өмірдегі маңызды позицияға деген ұмтылыстың аз екенін түсінеді. Балалар өздері үшін ғана емес, айналасындағылар үшін де маңызды болатын іс-әрекеттерді жасау қажеттілігін көре бастайды. Мектеп жасына дейінгі ересек баланың осы қасиеттерінің барлығы мектеп өміріне қадам басқан кезде өте пайдалы болады. Ол мектеп ортасының жаңа жағдайында табысты білім алуға негіз болады. Психологиялық дайындыққа мотивациялық дайындық та кіреді – басқаша айтқанда, бірінші сынып оқушысының психологиялық жетілуін көрсететін тәрбиелік мотивацияның болуы.

5-мәселе бойынша: Ашимова С.А. Профилактика ретінде – жеке гигиена ережелерін, ауыз су режимін (қайнатылған немесе бөтелкедегі су) қатаң сақтау, көкөністер мен жемістерді тұтынар алдында мұқият жуу, келісілмеген жерлерде шомылуға тыйым салу, тұрмыстық санитарлық-гигиеналық шаралар (дымқыл тазалау, үй-жайларды желдету):

1. №1 Ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы жалғасын тапсын.
2. Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде қауіпсіздік шаралары сақталсын.
4. Ата-аналар тарапынан берілген ұсыныстар келесі оқу жылында ескерілсін.
5. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.

Төрайымы: _____ Кошбаева А.Х.
Хатшысы: _____ Мамбетова Н.Б.

Хатшысы:  Мамбетова Н.Б.